

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин окулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». – 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 15-17.

ӘОЖ 633.112.1:338.439.222(045)

ҚАТТЫ БИДАЙДЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*Толеуов А.У., 1-курс докторанты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Бидай біздің заманымызға дейінгі 6000-5000 жылдары Ежелгі Грекияда өсіріле бастаған. Мысыр мен Қытайда біздің заманымыздан 4000 жыл бұрын бидайдан тағамдар жасаған. Адамдар бидайды тек тағам ретінде ғана емес, сонымен қатар емдік қасиеттері үшін де ерте заманнан бағалаған. Бидайдың дәні байлық пен жақсылықтың нышаны ретінде қабылданған, өйткені ол кезде көбіне қолданылған сұлы мен қара бидайға қарағанда, суыққа және құрғақшылыққа төзімсіз бидайдан жақсы өнім алу қиын болған. Ақ ұн тек үлкен мерекелер кезінде ғана пайдаланылған, онда да оған әркімнің мүмкіндігі келе бермейтін [1].

Бүгінде елімізде негізінен қатты бидайдың жаздық, күздік жұмсақ сұрыбы өсіріледі. Өйткені оның уызы (дәнмаңызы) мол. Бірақ әлсіз сұрыпты жұмсақ бидайларға қарағанда түсімділігі төмен.

Жылына орта есеппен 12-12,5 млн тонна бидай өндіріледі. Ішкі қажеттілікке шамамен 6 млн тоннасы жұмсалса, қалғаны дән және ұн ретінде сыртқа шығарылады.

Қазақстан жұмсақ сұрыпты қатты бидай өсіретін 130 мемлекеттің ішінде 109-шы орынға ие. Яғни мақтана алмаймыз. Мысалы, 2012-2016 жылдары еліміз гектарына 12 центнерден түсім алып, тәуелсіздік тарихында рекорд жасаса, 2017-2022 жылдары түсім әр гектарына 11 центнерден түсті. Ал дәл осындай бидай сұрыптарын егетін Канада гектарына 33 (2012-2016) және 34 (2017-2020) центнерден алған. АҚШ-тың көрсеткіші 31 (2012-2016) және 33 (2017-2020) центнер болса, Аргентинада әр гектардың түсімі 21 (2017-2016) және 31 (2017-2020) центнерді құрады.

Бұған қарап, астық түсімі шетел тұрмақ, Одақ кезіндегі көрсеткішке жетпегеніне көз жеткізуге болады. Оның себебі неде?

«1980-ші жылдары Қазақстанда дәнді дақылдар өсіру өндірісті қарқындату есебінен жүргізілді. Түсімнің 50% – минералды тыңайтқыштардың, 20% – аудандастырылған сұрыптардың және 30% – технологиялық талаптарды сақтау есебінен қалыптастырылды. Бұл үйлесім аграрлық салада ұйымдық қайта құру, дәнді дақылдарды өсіріп-өндіру технологиясының бұзылуы және басқа да факторлардың себебінен бұзылды.

Оған қоса, Қазақстанда тыңайтқыштар жеткілікті қолданылмайды. Бір гектар жерге тыңайтқыштар себу бойынша еліміз 170 мемлекеттің ішінде 155-ші орынға ие» болды.

Қатты бидайдың дүние жүзіндегі егіс көлемі – 22 млн-ға жетеді пайыздық мөлшермен 10% құрайды. Солтүстік Қазақстанның төрт облысының қатты бидай 3-5% алады. Қазақстанның солтүстігінде қатты бидайдың егіс көлемінің оның өндірісінің азаюының негізгі себебі- оның биологиялық ерекшеліктерін ескеру мен өсіру технологиясын дұрыс қолданбағанында. Интенсивті – өсіру технологиясын игергенде қатты бидайдың өнімі жақсы болады [2].

Тарихи тұрғыдан алып қарағанда қатты бидайдың өсіп жетілу сипатына айтарлықтай дақ қалдырған. Солтүстік Қазақстан климаты қатты бидай табиғатына сай келмейді. Қазіргі таңда қатты бидай сорттары биологиялық қасиеттерін барынша сақтап қалды. Өсіру жағдайларына ылғалғы, топыраққа, агротехника дәрежесіне өзіндік қажетсінуі қалыптасады.

Қатты бидайдың (*triticum durum*) дәні ірі, сопақша, жылтыр. Оның дәнінде 24% ақуыз бар, ұнының сапасы жақсы, одан кеспе және макарон жасайды, бірақ жұмсақ бидайға қарағанда наны онша көтерілмейді. Қазақстанның климаты қуаң жерлерде өсетін қатты бидай ұнының сапасы өте жоғары болады.

Қатты бидай әлемдегі ең маңызды азық-түлік көздерінің бірі болып табылады, ол адамның тамақтануында, сондай-ақ оны өндіру аймақтары шоғырланған әртүрлі елдердің экономикасында шешуші рөл атқарады. Оның дәні сонымен қатар пайдалы тағамдарды әзірлеуде негізгі және өте жан-жақты ингредиент болып табылады. Дегенмен, қатты бидайдың денсаулығының сапасын анықтайтын аспектілер және олардың өзара әрекеттесуі көп, күрделі және толық белгілі емес. Осылайша, әдебиеттерге осы жүйелі шолу өнімнің сапасына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін факторларды бағалау арқылы қатты бидай дәнінің, жарма мен макарон өнімдерінің тағамдық, сауықтыру және технологиялық қасиеттері арасындағы байланысты түсінуді тереңдетуге бағытталған [3].

Шынында да елімізде тыңайтқыштарды қолдану деңгейі Ресейге қарағанда 5 есе, тыңайтқыштарды қолдану бойынша көш басындағы елдермен салыстырғанда 100 есе төмен. Мысалы, алдыңғы үштікке енетін: Мысыр, Қытай және Голландия елдерінде 2019 жылы әр гектарға жұмсалған тыңайтқыштың салмағы сәйкесінше 406.2, 350.0 және 264.0 келі болса, 2020 жылы бұл көрсеткіштер 401.2, 336.8, 267.9 келіні құраған. Ал Қазақстанда 2019 жылы әр гектарға – 1.9 келі, ал 2020 жылы - 5.6 келіден тыңайтқыш себілді.

Мамандардың айтуынша диқаншылардың өздері тыңайтқышға шығынданып, жаңа деңгейге көтерілгілері келмейді. Осы жағдайға да риза.

Бидай экспорты бойынша көрсеткіштер де басқа елдермен салыстыруға келмейді. Әлемдік бидай саудасында Қазақстанның үлесі шамамен 2%-ды ғана құрайды.

Қазақстандық бидайды негізінен көрші ТМД елдері сатып алады. Соңғы 20 жыл ішінде (2001-2021) Қазақстан өз бидайын 72 елге сатып келген. Алайда солардың ішінде тек екі ел ғана біздің бидайды тұрақты көлемде сатып алады. Олар – Өзбекстан мен Тәжікстан. Бидай жеткізудің 60-70%-ы осы елдерге тиесілі. Тағы 7 мемлекет қазақстандық бидайды аздаған мөлшерде тұрақты сатып алады. Олардың ішінде Түркия мен Үндістан да бар.

Бидай — негізгі азық-түліктік дәнді дақыл. Бидай наны ақуыз бен көмірсулардың көптігімен және жақсы сіңімділігімен ерекшеленеді. Бидай дәні сонымен қатар жарма, макарон және кондитер өнеркәсібінде де қолданылады. Бидай сапасының маңызды көрсеткіші — дәніндегі ақуыздың мөлшері мен оның сапасы болып табылады. Халықаралық стандарт бойынша, бидай дәніндегі ақуыздың мөлшері 13,5 %.

Дәндегі ақуыздың мөлшеріне климат пен топырақ жағдайлары және енгізетін тыңайтқыштарда көп әсеретеді. Оңтүстік пен шығыста өсірілетін бидайда, солтүстік пен батыстағыға қарағанда ақуыз көп. Бірақ, көң мен минералдық тыңайтқыштар беріп солтүстік пен батыста да ақуыз мөлшерін көбейтуге болады [4].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Доспехов Б. А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований) [Текст]: 5-е изд., доп. и перераб. / М.: Агропромиздат, - 1985. - 351 с.
- 2 Жанзаков М. М. Стандарттау [Текст] : Оқулық / М. М. Жанзақов, К. А. Мырзабек. // Қызылорда: Тұмар, - 2007. – 219 б.
- 3 Zingale S, Spina A, Ingraio C, Fallico B, Timpanaro G, Anastasi U, Guarnaccia P. Factors Affecting the Nutritional, Health, and Technological Quality of Durum Wheat for Pasta-Making. [Text]/ A Systematic Literature Review. Plants (Basel), - 2023. - №12(3). – P. 530. doi: 10.3390/plants12030530. PMID: 36771615; PMCID: PMC9920027.
- 4 К.Аринов, К. Мусынов, Н. Шестакова. Өсімдік шаруашылығы. [Текст] : Фолиант, - 2016. - 584 с.